

Бекітемін:
Нұра ЖББМ директоры
С.К.Бердешова



«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» мен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған үйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйімі Нұра жалпы білім беретін мектебі

Топ «Айғөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 4 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы, 2023-2024 оқу жылы.

Желтоқсан	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар. Еңбектеу, өрмелуе: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тұра бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартыльш, алға қарай еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқаның астынан еңбектеу; құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғага жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелуе, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Кеудеге арналған жаттығулар. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бұғу және жазу, көтеру және түсіру. Аяққа арналған жаттығулар. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау; тәбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен тәбешікке көтерілу, тәбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау. Салауатты омір салтын қалыптастыру. Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Озіне-озі қызмет корсету дағдылары. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды</p>	

	<p>тазалау, құргату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Сейлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауга, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге катысуға баулу, диалогке катысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>
Көркем әдебиет.	<p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуда, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуда, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпактарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, ұзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауда, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауда, кейіпкерлеріне жанашаырылған танытуға баулу.</p>
Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</p> <p>қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауда және дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауда үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру</p> <p>Сөздік қор</p> <p>қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың, жемістердің, көкеністердің, жануарлардың, құстардың, адамның дене мүшелерін, табиғат құбылыстарын атау және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуді және сөздерді байланыстырып құрастыруды үйрету</p>
Математика негіздері.	<p>Балаларды геометриялық фигуналарды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атая білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру інтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалындығы бойынша тең).</p>

	Құрастыру.	Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парагын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарга, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.
	Сурет салу.	Заттардың пішіні: дөңгелек, сопак, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұгадан аласа.
	Мүсіндеу.	Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану.
	Жапсыру.	Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қио және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.
	Музыка	Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қымылдармен үйлестіріп айтуды үйрету. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуда, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.
	Көршаган ортамен таныстыру.	Балаларды заттың әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру.